

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**М.Х. ДУЛАТИ
АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ
Өңірлік
УНИВЕРСИТЕТІ**

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

**Лекция №1 Кіріспе. Химияны оқытудың
мақсаттары және міндеттері. Жаңа форматтағы
химия пәні мұғаліміне қойылатын талаптар.**

**Қазақстан Республикасының білім берудің
мемлекеттік стандарты. Жаңартылған білім беру
бағдарламасының мазмұны мен құрылысы**

Тараз - 2020

ЖАҢА ФОРМАЦИЯ МҰҒАЛІМІ - ЗАМАНАУИ ҚАЖЕТТІЛІК.



Жаңа форматтағы мұғалім
қандай болуы керек?



Жаңа форматтағы
мұғалімдерге қойылатын
талаптар



Жаңа форматтағы
мұғалімнің мақсат-
міндеттері






"Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндет ауыр"

Мұғалім-мектептің жүрегі, мұғалім-бала жанына білім нәрін себуші, мұғалім-мектеп мәртебесі, мұғалім-қоғам болашағының іргетасын қалаушы. Сондықтан да сапалы білім берудің нақты нәтижеге жетуде мұғалімнің орны ерекше.



Қазіргі кезде барша ұстаз қауымы жаңа форматта болуы міндетті. Себебі мына жылдам дамып келе жатқан заманда білім алып жатқан ұрпаққа сапалы да саналы, жаңа форматта білім беру үшін өзіміз де заман талабына сай барлық жаңа технологиялармен қаруланған болуымыз керек.



Қазіргі таңдағы ұстазға деген талап жан-жақтылықты қажет етеді. Ал осы талапқа сай болып, білімді де білікті, жаңа форматтағы ұстаз атану үшін мұғалімдер дамылсыз білімін шыңдап отыруы қажет деп білемін. Қазіргі кездегі дамыған елдің қатарына қосылу үшін мұғалімдердің Кембридж тәсілі бойынша деңгейлік курстан өтуі басты назарға алынып отыр.

Жаңа форматтағы біліктілікті арттыру курсына бағдарлама бойынша жеті модуль ұсынылады. Қазіргі кезде өзекті болып отырған алты модульдің әр қайсысы пәндік және жасерекшеліктеріне байланыссыз, жалпы сипатта. Олар:

оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;

сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;

оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;

оқытуда ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану

оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу; оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Қазіргі кезеңде жаңа форматты ұстаздар дайындау мұғалімдерді 3 деңгейлік курстардан өткізу арқылы жүзеге асырылуда. 3 деңгейлік курстан өткен мұғалімнің сабақ беру мазмұнында көптеген өзгерістер орын алады. Сабақтар форматы, оларды өткізу әдістемесі өзгертіліп, тәжірибелік-бағдарланған тәсілге баса назар аударылады. Дүние жүзіндегі көптеген мұғалімдердің іс- тәжірибесінен тұрақты орын алған бұл оқыту жұмысын ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізгі қағидаттарын қолдану орынды да нәтижелі екендігін дәлелдейтін фактілер бүгінгі таңда ғылыми- педагогикалық әдебиетте жеткілікті деңгейде кездеседі. Оқытудың жаңа тәсілі бағдарламасынан күтілетін нәтиже- оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел- уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір- көзқарастары жүйелі дамыған, тәуелсіз, сандық технологияларды қолдануда құзырлылық танытатын оқушыны қалыптастыру.

Жаңа форматтағы мұғалімдер оқушылардың бойына өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманға табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз етуі қажет

Мұғалімнің кәсіби мамандығына қойылатын негізгі талаптар:

қоғамның алдыңғы қатарлы идеяларын игеру;

- жан-жақты білімдарлық өмірдің әртүрлі саласынан хабардар болуы;

педагогикалық байланысты пәндерден – психологияны, ЖПП физиология, анатомия,

оқытатын пәнін, соған байланысты ғылымдарды, олардың жетістіктерін, ағымын жақсы білуі керек;

жұмысына шығармашылық көзқарас;

- баланы жете білу, олардың жан дүниесін түсіну, педагогикалық сенім, оптимизм;
- балаға деген сүйіспеншілік пен әділдік.

педагогтік техниканы меңгеру, қисынды, мәнерлі сөйлей білу;

- педагогтік әдептілікті тактіні меңгеру;

Мұғалімнің негізгі мақсаты- сабақ үрдісін ұйымдастыру жаңа технологияларды қолдану керісінше ол оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыта отырып, өздік танымдық біліктілігінің дамуын ұйымдастыру.

Міне осы мұғалімнің іс-әрекетінің негізгі қағидасы болып табылады. Демек, қазіргі таңда мұғалім менеджер ретінде болуға тиісті.

Жаңа форматты ұстаздың басты мақсаты – оқыту жүйесіне замануи әдістемелерді енгізу.

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейде қол жеткізген оқыту әдістемелерінің бірі – сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсілдерді қолдану.

Мұғалім міндеті

Сай болуға

Педагогикалық этика

білуге

Мемлекеттік стандарт

меңгеруге

Әдіст. сабақ талдау

танысу

Педагог. озық тәжірибе

қолдану

Тиімді жолды
меңгеруді

ақпараттан

пед. ақпараттық
жаңалық

Педагогикалық міндеттерді жүзеге асыруда кәсіптік, шығармашылық іскерлігі – педагогикалық міндеттерді шешу барысында шеберлік танытып, өн бойындағы білім-білік дағдыларын пайдалана отырып, оқушыларға қажетті білім жүйесін меңгерту;

- өзіне қарама – қарсы
идеяларды жоққа
шығаруға емес,
түсінуге ұмтылу, одан
өзі үшін нәтиже
түйіндеу;

- өз тәжірибесін
пайдалана отырып
жаңа білім арқылы
дүниеге өзіндік түсінік
пен танымды
қалыптастыру;

- өз біліміндегі
олқылықтарын көре
білу және оны жоюдың
жолдарын табу;

Оқытудың
мынадай басты
ерекшеліктерін
дағдыға
айналдырудың
маңызы зор:



«Әлем өзгергендіктен сіз де өзгересіз және қазіргі сәтте өзгеріссіз қалу өте қауіпті екенін білесіз. Сіз өзгересіз, себебі сіз білім алғанды, білім бергенді жақсы көресіз, тез өзгертін әлемде балаға бағыт беріп отыратын, білім беретін сіз қажетсіз. Сондықтан сізде, балада өзгеруі қажет »
С.Бич



Қазақстан Республикасының білім берудің мемлекеттік стандартының мәні

2008 жылы 14 шілдеде қабылданған «ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты». «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және техникалық, кәсіптік білім саласында мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын айқындайды. Стандарт оқу орындарында модульдік оқытуды пайдалану мүмкіндігін қарастырады. Осы стандартқа сәйкес техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқу үдерісі дәстүрлі оқыту жүйесіне, сол сияқты кредиттік оқыту жүйесіне негізделді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты оқу жүктемесінің барынша көп көлеміне және білім алушының даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайды.

Жалпы «Стандарт» дегеніміз (ағ. standard – өлшем, үлгі, өлшегіш) – басқа ұқсас нысандарды, заттарды салыстыру үшін бастапқы үлгі ретінде қабылданатын үлгі, эталон, модель. «Стандарт» термині білім жүйесінде тұңғыш рет американдық мұғалімдердің ұлттық кеңесінің ұсынуымен 80-жылдардың ортасында қолданыла бастады.

Қазақстан Республикасының білім берудің мемлекеттік стандартының мәні

Жалпы Қазақстандағы барлық білім беретін (орта, жоғары, кәсіптік) оқу орындары осы стандартқа сәйкес білім беруде. Модульдік оқыту процесі, кредиттік оқыту технологиясы арқылы жүзеге асырылуда. Жалпы осы стандартты құрастырушылардың мақсаты егемен елімізде заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының білім берудің мемлекеттік стандартының мәні

Жалпы бұл стандартты қолдану мынадай мақсаттарға қол жеткізуді қарастырады:

- білім алушыларды даярлау деңгейіне қойылатын міндетті талаптар есебінен білім беру сапасын арттыру және техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың жұмысының тиімділігін бақылау жүйесін құру;
- білім алушыларды даярлауды бағалау жүйесінің әділділігі мен ақпараттылығын арттыру;
- техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдарды оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің сапасын жақсарту;
- еңбек рыногында техникалық және кәсіптік білімі бар мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдарға білім беру оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңартуда дербестік беру;

Қазақстан Республикасының білім берудің мемлекеттік стандартының мәні

- оқу орындарында білім алушылар құзыреттілігін бағалауды негізгі білім беру нәтижелері түрінде әзірлеу;
- білім беру бағдарламаларының бірізділігін және білім берудің келесі деңгейінде оқытуды жалғастыруды қамтамасыз ету .

Міне осындай мақсатты алдыға қойып осы стандартты жүзеге асыру үстіндеміз. Жалпы осы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты арқылы біз біздің болашағымыз жарқын болатынына кепілдіміз. Осы стандартты еліміздегі барлық оқу орындары берілген шарттарға, ережелерге сүйене отырып іске асырса бұл жобаның арты жақсы боларына сене аламыз.

Болашақ біздің – жастардың қолында. Елімізді дамыған, жетілген елу елдің қатарына қосу тек біздің қолымызда. Осындай мақсатты, ұранды алдыға тарта отырып, осы үшін жасалып жатқан осындай білім беру, оқыту жүйесін дамыта отырып біз қолға алған мақсатымызға жете аларымыз хақ.

•

- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
- «Қазақстан Республикасы бастауыш және орта кәсіби білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 қаңтардағы № 9 бұйрығы.
- Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты туралы ережесі. 1996, 2000.

ӨОЖ 378(574):006=512.122 Қанатқызы А.- ҚарМТУ студенті (ПО-10-2тобы)
 Альмагамбетова А.Б - ҚарМТУ студенті (ПО-10-2 тобы)
 Ғылыми жетекшісі.- х.ғ.к., доцент Нурмағанбетова М.С.

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫНЫҢ МӘНІ

- Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында көрсетілгендей, білім беруді инновацияландыруға сай икемдеу үшін, білім беру жүйесін ақпараттандыру талабы қойылып отыр. Қазір еліміз жоғары қарқынмен елу елдің қатарына қосылуды алдына мақсат етіп отыр. Осы мақсатқа жету үшін еліміз алдына біршама міндеттерді қойып отыр. Осы мақсатқа жетуге зор үлесін қосатын ең біріншіден еліміздің білімді де, дарынды, алғыр жастары. Егемен елімізде жас ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуына баса мән берілуде. Жыл сайын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауында да жастардың заман талабына сай білім алуы үшін үлкен мүмкіндіктер жасалатыны жөнінде айтылып, тиісті орындарға тапсырмалар жүктелуде. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Осы орайда білім беру жүйелерінде қайта құру жүріп жатыр, білім беру жүйелерінің жаңа ұлттық моделі құрылуда.
- Осының бір көрсеткіші 2008 жылы 14 шілдеде қабылданған «ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты». «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және техникалық, кәсіптік білім саласында мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын айқындайды. Стандарт оқу орындарында модульдік оқытуды пайдалану мүмкіндігін қарастырады. Осы стандартқа сәйкес техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқу үдерісі дәстүрлі оқыту жүйесіне, сол сияқты кредиттік оқыту жүйесіне негізделді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты оқу жүктемесінің барынша көп көлеміне және білім алушының даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайды [1].
- Жалпы «Стандарт» дегеніміз (af. standard – өлшем, үлгі, өлшегіш) – басқа ұқсас нысандарды, заттарды салыстыру үшін бастапқы үлгі ретінде қабылданатын үлгі, эталон, модель. «Стандарт» термині білім жүйесінде тұңғыш рет американдық мұғалімдердің ұлттық кеңесінің ұсынуымен 80-жылдардың ортасында қолданыла бастады.
- Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартында сәйкес терминдер мен анықтамалар пайдаланылады. Оларға қосымша түсініктер мен олардың анықтамалары белгіленген [2].
- Жалпы Қазақстандағы барлық білім беретін (орта, жоғары, кәсіптік) оқу орындары осы стандартқа сәйкес білім беруде. Қарағанды Мемлекеттік